



ҚАУЛЫ

2025 жылғы 18 қыркүйек

Оскемен қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 232
город Усть-Каменогорск

Бизнес-бастамаларды іске асыруға арналған өтеусіз мемлекеттік
гранттарды беру мәселелері туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес және «Шығыс шақырады» қоныс аударуды қолдаудың өңірлік жоспарын қабылдау туралы» Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2025 жылғы 29 тамыздағы № 216 қаулысын орындау мақсатында Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шығыс Қазақстан облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасымен және қалалар мен аудандар әкімдерімен бірлесіп, қоса берілген тәртіпке сәйкес «Шығыс шақырады» қоныс аударуды қолдаудың өңірлік жоспарын іске асыру шеңберінде бизнес-бастамаларды іске асыруға 750 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өтеусіз мемлекеттік гранттар беруді қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасарына жүктелсін.

Шығыс Қазақстан облысының
әкімі



Н. Сақтағанов

А. Динар Дусеу

Н. Сақтағанов

003481

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2025 жылғы «18» қыркүйектегі № 232
қаулысына қосымша

«Шығыс шақырады» қоныс аударуды қолдаудың өңірлік жоспарын іске асыру шеңберінде 750 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бизнес бастамаларды іске асыруға арналған мемлекеттік өтеусіз гранттарды ұсыну тәртібі

1. Осы тәртіп Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 110-бабының 2-тармағына сәйкес және Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2025 жылғы 29 тамыздағы № 216 қаулысымен бекітілген «Шығыс шақырады» қоныс аударуды қолдаудың өңірлік жоспарын іске асыру шеңберінде 750 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде мемлекеттік өтеусіз гранттар беру арқылы бизнес бастамаларды іске асыруға кәсіпкерлік бастамаларға жәрдемдесу жөніндегі шараларды ұйымдастыру мен қаржыландыру тәртібін айқындайды.

2. Осы бөлімде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) старттық бизнес (стартап-жоба) – өтініш беру кезінде жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеуден өткеніне бес жылдан аспаған қатысушылардың бизнес-жобалары;

2) қандас - бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығында болмаған, халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тиісті мәртебе алған этникалық қазақ және (немесе) оның ұлты қазақ отбасы мүшелері;

3) қоныс аударушы – Әлеуметтік кодекстің 112-бабы 3-тармағы 2) тармақшасына сәйкес айқындалған өңірлерге қоныс аударған ішкі мигрант;

4) өңіраралық қоныс аудару – Әлеуметтік кодекске және Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қоны туралы» Заңына сәйкес қоныс аударушылар мен қандастарды қабылдаудың өңірлік квоталары шеңберінде Әлеуметтік кодекстің 112 - бабы 3-тармағының 2) тармақшасында айқындалатын өңірлерге қоныс аудару;


5) жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған өңірлік нысаналы грант беру туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) – еңбек ұтқырлығы орталығы мен өңірлік нысаналы грант алушы арасында жасалатын екіжақты жазбаша келісім, оған сәйкес грант алушыға Шығыс Қазақстан облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы бекіткен нысан бойынша өңірлік нысаналы грант беріледі.

3. Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған өңірлік гранттар (бұдан әрі – өңірлік гранттар) пилоттық аудандарға ерікті қоныс аударушыларға, қандастарға және көшіп келген азаматтарға конкурс негізінде 750 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде беріледі.

Бұл ретте тиісті қаржы жылының республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген айлық есептік көрсеткіш мөлшері қолданылады.

Өңірлік гранттар келесі шарттар орындалған жағдайда беріледі:





1) «Бастау Бизнес» жобасы аясында кәсіпкерлік негіздері бойынша оқуды аяқтағаны туралы жарамды сертификатының болуы;

2) гранттың нысаналы мақсатының экономикалық қызмет түріне сәйкес мамандық бойынша, оның ішінде skills.enbek.kz платформасы арқылы алынған білім беру сертификатының (дипломының) болуы;

3) грант алушының грантты алуға дейін міндетті түрде жеке кәсіпкер ретінде тіркелуі, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелу мерзімі 5 жылдан аспауы тиіс;

4) өңірлік гранттың нысаналы мақсаты - жол бойындағы сервис, қонақ үй, өндіріс, туризм, қызмет көрсету саласында бизнес құру, дамыту.

Өңірлік грант тұтыну мақсаттарына, кредиттік қарыздарды өтеуге, жылжымайтын тұрғын үй мүліктерін сатып алуға және салуға, жер учаскелерін сатып алуға, акцизделетін өнім өндіруге, ара шаруашылығына, сондай-ақ жануар, мал, құс, көшет, бұта, тұқым, егілетін көшет сатып алуға берілмейді.

4. Өңірлік грант алуға өтініштерді қабылдаудың басталғаны туралы хабарландыру қабылдаудан 10 (он) күнтізбелік күн бұрын жарияланады және Шығыс Қазақстан облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының, аудандардың жергілікті атқарушы органдарының интернет-ресурсында орналастырылады.

5. Өңірлік грант алу үшін үміткер ауданның мансап орталығына жүгінеді, қағаз түрінде мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы тәртіпке 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өңірлік грант алуға өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, ал қандастар үшін – қандас куәлігі (салыстыру үшін құжаттың түпнұсқасы ұсынылады);

3) жеке кәсіпкерді тіркеу туралы талон;

4) жеке кәсіпкердің банктік шоты (қолы, мөрмен расталған);

5) осы тәртіпке 2-қосымшаға сәйкес әзірленген старттық бизнес-жоспар;

6) «Бастау Бизнес» жобасы және skills.enbek.kz платформалары арқылы мамандығы бойынша, оның ішінде кәсіпкерлік негіздерін оқытуға қатысу туралы сертификат.

Мансап орталығы үміткерді қатысушылар санаттарының біріне сәйкестігіне тексереді. Құжаттар мен мәліметтер сәйкес келмеген жағдайда, мансап орталығы үміткер ұсынған құжаттар пакетін себептерін көрсете отырып қайтарады.

6. Мансап орталығы өтініштер мен ұсынылған құжаттар топтамаларын қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өңірлік грант алу конкурсына қатысу үшін үміткерлердің тізімін қалыптастырады.

7. Өңірлік грант алуға үміткерлердің құжаттар пакетін мансап орталығы пилоттық аудандардың әкімдіктері құрған жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) отырысына шығарады.

8. Комиссия үміткерлерден өтініштер алынғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде өткізіледі.

Комиссия отырысының өтетін орны, күні және уақыты туралы өтініш берушіні ұялы байланыс арқылы 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабарлама жіберіп, хабардар етеді.

Комиссия отырысы, егер оған оның мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, заңды күші бар деп есептеледі.

Комиссияның шешімі, егер оған отырысқа қатысқан комиссия мүшелерінің жартысынан астамы дауыс берсе, қабылданады.

Дауыстар тең болған кезде комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Комиссия төрағасы болмаған кезде төрағаның орынбасары шешуші дауыс беруге құқылы.

9. Комиссия отырысында Өңірлік грант алуға үміткер жаңа бизнес-идеяның жобасымен таныстырады.

Комиссия мүшелері осы тәртіпке 3-қосымшаға сәйкес бағалау парағында грант беру/бермеу себептері бар шешімді көрсетеді.

10. Комиссия шешімі бағалау парағына сәйкес өңірлік гранттар алуға үміткерлер тізімін қоса бере отырып, хаттамамен (осы тәртіпке 4-қосымшаға сәйкес) ресімделеді және оған қатысып отырған комиссия мүшелері қол қояды. Шешім ауданның мансап орталығына жіберіледі.

11. Грант алудан бас тартылған жағдайда мансап орталығы хаттамалық шешімді алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде үміткерді өңірлік грант беруден бас тарту туралы смс-хабарлама арқылы хабардар етеді.

12. Комиссияның шешімі жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өңірлік комиссияның (бұдан әрі – өңірлік комиссия) отырысына бекіту үшін шығарылады.

13. Өңірлік комиссия жобаны іске асыруға бекіткен не бекітуден бас тартқан жағдайда, еңбек ұтқырлығы орталығы қорытындыны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде үміткерді өңірлік грант беру не өңірлік грант беруден бас тарту туралы смс-хабарлама арқылы хабардар етеді.

14. Еңбек ұтқырлығы орталығы өңірлік комиссия мақұлдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы тәртіпке 5-қосымшаға сәйкес грант алушымен өңірлік грант беру туралы шарт (бұдан әрі - Шарт) құрады және қол қояды.

15. Еңбек ұтқырлығы орталығы шарт жасалғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде өңірлік грант алушыға тіркелген жеке кәсіпкердің ағымдағы банктік шотына ақша қаражатын аударуды жүзеге асырады және грант алушының деректерін облыстың салық органына береді.

16. Өңірлік грант қаражатының мақсатты пайдаланылуын, бизнес-жобада мәлімделген нысаналы мақсатына сәйкестігін грант алушы өңірлік грант алынған күннен бастап үш ай ішінде мансап орталығына растайтын құжаттарды ұсыну арқылы растайды.

Өңірлік грант алушы тоқсан сайын 36 (отыз алты) ай ішінде осы тәртіпке 6-қосымшаға сәйкес растайтын құжаттарды қоса бере отырып, бизнес-жобаның іске асырылу барысы туралы мансап орталығына есеп береді.

17. Еңбек ұтқырлығы орталығы мансап орталығы арқылы шарт жасалған күннен бастап 36 (отыз алты) ай ішінде өңірлік грант қаражатының нысаналы пайдаланылуына мониторинг жүргізеді, сондай-ақ өңірлік грант алушылардың бизнес объектісінің орналасқан жері бойынша көшпелі мониторингтерді жүзеге асырады.

18. Мансап орталығы ұсынған ақпарат негізінде грант қаражатын мақсатына сай емес пайдалану фактісі анықталған жағдайда, еңбек ұтқырлығы орталығы грант алушымен Келісімшартты бұзу туралы шешім қабылдайды және Қазақстан

Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмаған өңірлік грант қаражатын қайтару жөнінде іс-шаралар жүргізеді.

19. Өңірлік грант алушы грант алған күннен бастап 36 (отыз алты) ай ішінде бизнесті кеңейтуге бағытталған шараларды қоспағанда, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысуға құқылы емес.

20. Грант алушы қайтыс болған жағдайда бизнес-жобаны іске асыруды мақсатты пайдалануды растау талап етілмейді.

21. Өңірлік гранттар нысанындағы қолдау шараларын қаржыландыру жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Управление координации занятости и социальных программ Восточно-Казахстанской области АЖанузах К.

«Шығыс шақырады» қоныс аударуды қолдаудың
өңірлік жоспарын іске асыру шеңберінде 750
айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бизнес
бастамаларды іске асыруға арналған мемлекеттік
өтеусіз гранттарды ұсыну тәртібіне
1-қосымша

Еңбек ұтқырлығы орталығының директоры

кімнен _____

аты, жөні тегі (бар болса)

тұрғылықты жері _____

байланыс телефоны, мекен жайы, электрондық поштасы _____

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған өңірлік грант алуға өтініш

Шығыс Қазақстан облысының 2025 жылғы _____ № _____
қаулысымен бекітілген «Шығыс шақырады» қоныс аударуды қолдаудың өңірлік
жоспары аясында жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған өңірлік грант
ұсынуды сұраймын.

Өтінішке 1-қосымшаның 5-тармағына сәйкес құжаттар қоса беріледі.

Өңірлік грант алу үшін менің қажетті жеке деректерімді жинауға және өндеуге
келісім беремін.

Барлығы _____ құжат _____ бетте.

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған өңірлік грантты мынаған
ұсынуды сұраймын:

1. Жоба атауы _____
2. Жобаның болжамды құны _____ теңге.
3. Өңірлік гранттың _____ нысаналы _____ мақсаты _____ (таңдау):

_____ жол бойындағы сервис, қонақ үй бизнесі, өндіріс, қызметтер.

Өңірлік грант беру шарттарымен таныстым.

Күні _____

қолы _____

(линия отреза)

Азамат (ша) _____ өтініші

2025 ж. «__» _____ қабылданды. № _____ тіркелді.

Аты-жөні, тегі (бар болса), лауазымы және құжаттарды қабылдаушының
қолы: _____

Күні _____

Қол қойған күні _____

*ұсынылған құжаттардың растығы үшін өтініш беруші жауапты болады.

«Шығыс шақырады» қоныс аударуды қолдаудың өңірлік жоспарын іске асыру шеңберінде 750 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бизнес бастамаларды іске асыруға арналған мемлекеттік өтеусіз гранттарды ұсыну тәртібіне
2-қосымша

Елді мекеннің атауы

БИЗНЕС-ЖОБА

« БИЗНЕС-ЖОБА АТАУЫ »

Жоба бастамашысы: _____ Аты-жөні, тегі _____



1. ЖОБА БАСТАМАСЫШЫ

Аты-жөні, тегі (бар болса) бастамашының	
Бастамашының ЖСН	
Байланыс телефоны	
Тұрғылықты жері	
Бастамашының ұйымдық- құқықтық мәртебесі немесе жұмыспен қамту санаты	Жеке кәсіпкер, немесе тіркелген жұмыссыз
Занды мекен-жайы	Жеке кәсіпкерді немесе жұмыссыздың тіркеу мекен-жайы
Кәсіпкерлік қызмет тәжірибесі	Сіздің қанша жылдық кәсіпкерлік тәжірибеңіз бар (ресми немесе бейресми)
Отбасы жағдайы және еңбекке жарамсыз балалардың саны	Отбасылық жағдайыңызды және кәмелетке толмаған балалардың санын көрсетіңіз

2. БИЗНЕС-ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ

Ескерту:

Бизнес жобаңыздың мақсатын бір сөйлеммен сипаттаңыз

3. ЖОБА ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ

Ескерту:

Бизнес идеяңызды қысқаша сипаттаңыз

4. БИЗНЕС-ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ТАУАРЛАР/ҚЫЗМЕТТЕР ТІЗБЕСІ

№ р/с	Атауы	Саны	Бағасы	Барлығы, сомасы	Гранттық қаржы, тг.	Өз қаражаты, тг.
1.						
Барлығы						

* бизнес-жобаны іске асыру кезінде сатып алуды жоспарлап отырған тауарлардың/қызметтердің тізімін көрсетіңіз

5. КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ/САТЫЛАТЫН ТАУАР БАҒАСЫ

№	Қызмет/өнім	Бағасы, теңге
1.		

* өндіруді/көрсетуді жоспарлап отырған тауарлардың/қызметтердің тізімін көрсетіңіз

6. ЖОҒАРЫДА КӨРСЕТІЛГЕН БАҒАЛАРДЫ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, АЙ САЙЫНҒЫ КІРІС МЫНАНЫ ҚҰРАЙДЫ

Қызмет/тауар түрлері	Бағасы	Айлық көлем	Айлық кіріс
Барлығы			

* көрсетілетін қызметтерге / сатылатын өнімдерге бағаны ескере отырып, өзіңіздің болжамды табысыңызды есептеңіз

7. ПАЙДА БОЛЖАМЫ

Көрсеткіш	Күнтізбелік жыл			2028	2029
	2025	2026	2027		
Кіріс					
Барлық кіріс					
Шығыс					
Барлық шығыс					
КІРІС					

* пайда «жиынтық кіріс – жиынтық шығыс = пайда» формуласы бойынша есептеледі.

Ескерту:

Егер бар болса, шығындар мен кірістер баптарына түсініктемелерді сипаттаңыз

8. НАРЫҚТАҒЫ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ БӘСЕКЕЛЕСТЕР

№	Өнім / қызмет атауы	Өнім/ қызмет бағасы теңгемен (бірлік үшін)	Өнімдерді / қызметтерді кімге сатуға болады	Өнімдерді/ қызметтерді сатуды жоспарлап отырған адамның байланыс телефоны	Өнімді өндіру/ қызмет көрсету үшін қандай техникалық талаптар қажет	Сіздің аймағыңыз- да ұқсас өнімдері/ қызметтері бар қандай бәсекелестер бар
1					* мысалы: қораптар, пакеттер, пленка және т. б.	*бәсекелестер нарығын зерттеп, оларды сипаттаңыз

Сіздің аймағыңыздағы әлеуетті клиенттің орташа айлық табысы

Сіздің есептеулеріңіз бойынша бір сатып алушы 1 жылда қанша тауар / қызмет сатып ала алады?

Қандай деректердің негізінде тауарды/қызметтерді сатып алу көлемін және сіздің әлеуетті клиентіңіздің орташа айлық табысын есептеу жүргізілді?

Сіздің өнімдеріңізге/қызметтеріңізге қандай тауарлар/қызметтер бәсекелес болып табылады?

9. ӘЛЕУЕТТІ ТҰТЫНУШЫЛАРДЫ ТАЛДАУ

Тауар / қызмет сату нүктесінің орналасқан жері (облыс, аудан, ауыл)	
Неліктен сіз өзіңіздің бизнесіңіз үшін дәл осы жерді таңдадыңыз? (бірнеше себептерді көрсетіңіз)	
Тұтынушылар сіздің өнімдеріңіз немесе қызметтеріңіз туралы қалай біледі? Олар сізбен қалай байланыса алады?	

10. ӘЛЕУЕТТІ КЛИЕНТТЕРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ АРНАЛАРЫ

Сіздің шикізат пен материалдарды сатып алатын жеткізушілеріңіз бар ма? Сіз олармен қанша уақыт жұмыс істеп келесіз?	
Сіздің бәсекелестік артықшылығыңыз қандай және сіздің клиенттеріңіз бұл туралы қалай біледі? Сіздің бизнесіңіздің бәсекелестік артықшылығын сипаттаңыз және ол туралы ақпаратты клиенттеріңізге қалай жеткізесіз?	

«Шығыс шақырады» қоныс аударуды қолдаудың өңірлік жоспарын іске асыру шеңберінде 750 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бизнес бастамаларды іске асыруға арналған мемлекеттік өтеусіз гранттарды ұсыну тәртібіне
3-қосымша

**Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған
өңірлік грант алуға үміткердің
бағалау парағы**

Үміткердің ТАӘ (бар болса): _____

Бизнес-жоба атауы: _____

Облыстың, ауданның атауы: _____

Өтінімді қарау күні: _____

№	Бағалау талаптарының атауы	Бағалау
1	Грант нысаналы мақсатына сай ма?	Ия / Жоқ
2	Бизнес-идеяның бәсекеге қабілеттілігі: 1. Осы елді мекенде бизнес-жоба сұранысқа ие ме? 2. Кәсіпкерлік қызметтің осы түрімен айналысу үшін елді мекен экономикасында бос орын бар ма?	Ия / Жоқ
3	Өткізу нарықтарының пысықталуы: 1. Үміткер өзінің тауарларын, жұмыстарын немесе қызметтерін әлеуетті тұтынушыларды біле ме? 2. Үміткер әлеуетті бәсекелестерді біле ме?	Ия / Жоқ
4	Бизнес-жобаның қаржылық өміршендігі: 1. Бизнес-жобада көрсетілген бастапқы материалдар/өндіріс құралдарының бағалары нарықтық бағаларға сәйкес келе ме? 2. Бизнес-жобада көрсетілген тауарлар, жұмыстар немесе қызметтер бағалары нарықтық бағаларға сәйкес келе ме? 3. Бизнес-жоба үнемді ме (қысқа немесе орта мерзімді кезеңде)?	Ия / Жоқ
5	Кәсіпкерлік дағдылар деңгейі: 1. Үміткер бизнес-жобаның мазмұнын біле ме? 2. Үміткер бизнес-жобаны таныстыра ала ма?	Ия / Жоқ
6	Жаңа жұмыс орындарын құру: Осы жоба шеңберінде қосымша жұмыс орындарын (үміткердің өзін қоспағанда) құру көзделген бе?	Ия / Жоқ

Комиссия мүшесінің шешімі (өңірлік грант беру (бермеу))

Комиссия мүшесінің қолы: _____

«Шығыс шақырады» қоныс аударуды қолдаудың өңірлік жоспарын іске асыру шеңберінде 750 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бизнес бастамаларды іске асыруға арналған мемлекеттік өтеусіз гранттарды ұсыну тәртібіне
4-қосымша

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған өңірлік грант алуға үміткерлердің өтініштерін қарау жөніндегі комиссия шешімі

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін өңірлік грант алуға үміткерлердің өтініштерін қарау жөніндегі Комиссия құрамы:

1. Комиссия төрағасы _____;
аты,жөні,тегі (бар болса)
2. Комиссия мүшесі _____;
аты,жөні,тегі (бар болса)
3. Комиссия мүшесі _____;
аты,жөні,тегі (бар болса)
4. Комиссия мүшесі _____;
аты,жөні,тегі (бар болса)
5. Комиссия мүшесі _____;
аты,жөні,тегі (бар болса)
6. Комиссия мүшесі _____;
аты,жөні,тегі (бар болса)
7. Комиссия мүшесі _____;
аты,жөні,тегі (бар болса)
8. _____

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған өңірлік грант алуға үміткер


_____;
аты, жөні,тегі (бар болса)

өтінімін және ұсынылған құжаттарын нысаналы мақсаты бойынша қарап, Комиссия: _____ туралы _____ шешім шығарды.

Комиссияның негіздемесі (старттық бизнесті енгізуге дайындығы, жаңа жұмыс орындарын құру туралы) _____ парақта.

Комиссия төрағасы	Комиссия хатшысы
_____ <i>(аты,жөні,тегі)</i>	
_____ <i>(қолы)</i>	
_____ <i>(күні)</i>	





«Шығыс шақырады» қоныс аударуды қолдаудың өңірлік жоспарын іске асыру шеңберінде 750 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бизнес бастамаларды іске асыруға арналған мемлекеттік өтеусіз гранттарды ұсыну тәртібіне
5-қосымша

Шығыс Қазақстан облысының «Шығыс Шақырады» қоныс аударуды қолдаудың өңірлік жоспарына қатысушыларға жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған өңірлік грант беру туралы

№ _____ келісімшарт

_____ ауданы 20 ____ жылғы « ____ » _____

Жарғыға сәйкес әрекет ететін, «Шығыс Қазақстан облысының еңбек ұтқырлығы орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атынан
_____ бір тараптан,

әрі қарай «Жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыруға арналған өңірлік грант алушы» (бұдан әрі _____ Қатысушы) деп аталатын _____, екінші тараптан, бірлесіп «Тараптар» деп аталып, төмендегі шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісті:

1. Шарттың мәні

1.1. Еңбек ұтқырлығы орталығы өңірлік грант алушыға жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыруға арналған өңірлік грантты _____ теңге мөлшерінде ұсынады.

Қатысушы өз кезегінде өңірлік грантты ұсынылған бизнес-жоспарға сәйкес жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыруға пайдалануға міндеттенеді.

1.2. Еңбек ұтқырлығы орталығы Шарт жасалған күннен бастап 36 (отыз алты) ай ішінде Мансап орталығы арқылы өңірлік грант қаражатының мақсатты пайдаланылуын бақылайды.

1.3. Шартта келісілген шарттар осы Шарттың құрамдас бөлігі болып табылады және оны толықтырады.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Жобаға қатысушы:

1) Еңбек ұтқырлығы орталығынан Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындауды талап етуге;

2) Егер грант қаражатының мақсатты пайдалануын растайтын құжаттар жоқ болса немесе өңірлік грант қаражатын пайдаланбаса, Еңбек ұтқырлығы орталығы өңірлік грант сомасын аударған күннен бастап үш ай ішінде қаражатты Еңбек ұтқырлығы орталығына қайтаруға құқылы.

2.2. Жобаға қатысушы:

1) Өңірлік грантты тек мәлімделген нысаналы мақсатына сай пайдалануға;





2) Старттық бизнесті жүзеге асыру үшін іс-шараларды уақтылы және сапалы жүргізуге;

3) Еңбек ұтқырлығы орталығының талабы бойынша өңірлік грантты пайдалануда анықталған кемшіліктерді бес жұмыс күні ішінде жоюға;

4) Өңірлік грантты алған күннен бастап 36 ай бойы тоқсан сайын еңбек ұтқырлығы орталығына бизнес-жоба іс-шараларының орындалуы және қаржылық қаражаттың пайдаланылуы туралы аралық және қорытынды есептерді растаушы құжаттармен (шот-фактуралар, жүк қабылдау-қабылдау актілері, кассалық чек, түбіртектер, сатып алу-сату шарттары, жалға алу шарттары және т.б.) бірге ұсынуға;

5) Еңбек ұтқырлығы орталығының сұрауы бойынша қажетті ақпарат пен құжаттарды бес жұмыс күні ішінде беруге;

6) Өңірлік грант қаражатының нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылуын бақылау барысында Еңбек ұтқырлығы орталығына жәрдемдесуге;

7) Егер грант қаражатының мақсатты пайдаланылмағаны анықталса, тиісті талап түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қаражатты толық немесе бір бөлігін қайтаруға міндетті.

2.3. Еңбек ұтқырлығы орталығы:

1) Қатысушыдан Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындауды және өңірлік грантты пайдалануда анықталған кемшіліктерді жоюды талап етуге;

2) Қатысушыдан іс-шаралардың орындалуын растайтын есептерді талап етуге;

3) Қатысушыдан Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын растайтын құжаттарды талап етуге;

4) Қатысушыға қаражатты нысаналы мақсаты бойынша пайдаланбағаны туралы хабарлауға құқылы.

2.4. Еңбек ұтқырлығы орталығы:

1) Өңірлік грантты мақсатты пайдаланбау фактісі анықталған жағдайда, шарттың мерзімінен бұрын тоқтатылуы туралы Қатысушыға тоқтатылу күнінен кемінде 10 (он) күн бұрын хабарлауға;

2) Қатысушының грант қаражатын игеруіне және мақсатты пайдалануына мансап орталығы арқылы, соның ішінде жоба іске асырылатын жерге барып, мониторинг жүргізуге міндетті.

3. Тараптардың жауапкершілігі

3.1. Шарт бойынша өз міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген жауапкершілікке тартылады.

3.2. Шартта көзделмеген жауапкершілік шаралары Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының нормаларына сәйкес қолданылады.

3.3. Шарт мерзімінің аяқталуы тараптарды осы мерзім аяқталғанға дейін болған Шартты бұзушылықтары үшін жауапкершіліктен босатпайды.

4. Шартқа өзгерістер енгізу және бұзу

4.1. Шарттың орындалу мерзімі өзгерген жағдайда ғана Шартқа өзгерістер енгізіледі.

4.2. Егер Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан бас тартса, олар Шарт 7.2 тармағына сәйкес, үш жұмыс күні ішінде міндеттемелерді орындаудан бас тарту себебі мен тоқтатылу күнін көрсеткен хабарламалар жібереді.

4.3. Тараптардың шарт талаптарын орындамауы, кешіктіруі немесе тиісінше орындамауы шартты біржақты тәртіпте бұзуға негіз болып табылады.

4.4. Егер Қатысушы өңірлік грант қаражатын мақсатты пайдаланбағаны анықталса, шарт Еңбек ұтқырлығы орталығы тарапынан шарттың 7.2-тармағына сәйкес хабарлама жіберілген күннен бастап бұзылады.

5. Енсерілмейтін күш жағдайлары

5.1. Егер Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаса немесе дұрыс орындамаса, олар өз міндеттемелерін енсерілмейтін күштер - төтенше және берілген жағдайда алдын алу мүмкін емес жағдайлар (өрт, жер сілкінісі, су басу, табиғи апаттар және соғыс іс-қимылы) негізінде орындау мүмкін болмағанын дәлелдемесе, мүлік жауапкершілігіне тартылады.

5.2. Енсерілмейтін күш жағдайлары туындаған кезде, Тараптар он (10) күн ішінде осындай жағдайлар мен олардың себептері туралы еркін нысандағы жазбаша хабарлама жібереді. Қазақстан Республикасының уәкілетті органының ресми құжаттары енсерілмейтін күш жағдайларын растайтын құжаттар болады.

5.3. Уақытында хабарлама жібермеу Тараптарды 5.1 тармақта көрсетілген жойғыш күш жағдайларына сілтеме жасау құқынан айырады, яғни бұл жағдайларға сүйене отырып, жауапкершіліктен босату негізі ретінде қолданылмайды.

5.4. Жойғыш күш жағдайлары жойылғаннан кейін, Тараптар міндеттемелерін дереу орындауды қайта бастайды және 5.1 тармақта көрсетілген жойғыш күш жағдайлары жойылғаннан кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде ерікті түрде хабарлама жібереді.

6. Дауларды шешу тәртібі

6.1. Осы Шартты орындау кезінде туындауы мүмкін даулар мен келіспеушіліктер Тараптардың келіссөздері арқылы шешілуге тырысады.

6.2. Осы Шарттан туындайтын немесе оның бұзылуы, тоқтатылуы, жарамсыздығы мәселелеріне қатысты барлық даулар, келіспеушіліктер, талаптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

6.3. Егер Тараптардың бірі осы Шарттың шарттарын бұзса, екінші Тарап шағым білдіруге құқылы, ал оған жауап беру мерзімі шағым алынған күннен бастап бес күнтізбелік күн.

7. Басқа шарттар

7.1. Осы Шарт қазақ және орыс тілдерінде екі түпнұсқада дайындалады, әр Тарапқа бір данадан беріледі, олар бірдей заңды күшке ие.

7.2. Бір Тарап екінші Тарапқа кез келген хабарламаны пошта, ұялы байланыс немесе жалпы қолжетімді электрондық ақпараттық жүйелер арқылы жібереді, кейіннен түпнұсқаларын ұсынады.

7.3. Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе хабарламада көрсетілген күшіне ену күніне байланысты (егер хабарламада көрсетілсе) күшіне енеді, қайсысы кеш болса сол негізге алынады.


7.4. Шарт қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

7.5. Қажет болған жағдайда, Шарт Тараптардың келісімімен ұзартылуы мүмкін.

8. Тараптардың мекен жайы мен реквизиттері

Еңбек ұтқырлығы орталығы	Грант алушы
Заңды мекен-жайы:	Мекен жайы





ҚР, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Киевский көшесі, 1	ҚР, Шығыс Қазақстан облысы, _____
ЖИК <u>KZ48070102KSN1801000</u>	ЖСН
БИК <u>KKMFKZ2A</u>	тел.
БСН <u>230640023176</u>	ИИК
Код <u>12</u>	БИК
	БСН
	Банк атауы
Еңбек ұтқырлығы орталығының директоры	Грант алушының аты-жөні,тегі

Управление координации занятости и социальных программ Восточно-Казахстанской области





«Шығыс шақырады» қоныс аударуды қолдаудың өңірлік жоспарын іске асыру шеңберінде 750 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бизнес бастамаларды іске асыруға арналған мемлекеттік өтеусіз гранттарды ұсыну тәртібіне
6-қосымша

Өңірлік грантты мақсатты пайдалану туралы есеп

Жиілігі: тоқсан сайын.

Есепті кезең: 20 __ жылғы ____ ай.

ЖК атауы: _____

Мекен жайы _____

Байланыс телефоны _____

Қайда ұсынылады: еңбек ұтқырлығы орталығына, ауданның салық органына (МО көшірмесі).

Кесте. Өңірлік грантты мақсатты пайдалану туралы есеп.

№ р/с	Өңірлік грант алушының аты жөні,тегі	Өңірлік грант алушының ЖСН	Жобаның атауы	Өнәрлэк грант алу күні	Өңірлік гранттың соммасы (теңге)
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы

Қаражатты нақты нысаналы пайдалану (қаражаттың әрбір бағытының атауы мен сомасын көрсете отырып)	Өткізу орны (аудан)	ЭКЖЖ кодын көрсете отырып экономика саласы	Бастапқы бизнес (стартап жобалар) (теңге)	Кіріс (теңге)	Құрылған жұмыс орнынң саны
7	8	9	10	11	12

Орындаушы:

(аты,жөні,тегі (бар болса)

(қолы)

Күні: 20 __ жылғы «__» _____

Мөр орны



ҚАУЛЫ

18 сентября 2025 года

Өскемен қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 232

город Усть-Каменогорск

О некоторых вопросах предоставления безвозмездных государственных грантов на реализацию бизнес-инициатив

В соответствии с пунктом 2 статьи 27 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и во исполнение постановления Восточно-Казахстанского областного акимата № 216 от 29 августа 2025 года «О принятии Регионального плана поддержки переселения «Шығыс шақырады», Восточно-Казахстанский областной акимат **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Управлению координации занятости и социальных программ Восточно-Казахстанской области, совместно с управлением экономики и бюджетного планирования и акимами городов и районов, обеспечить предоставление безвозмездных государственных грантов на реализацию бизнес-инициатив в размере 750 месячного расчетного показателя в рамках реализации Регионального плана поддержки переселения «Шығыс шақырады», в соответствии с прилагаемым порядком.

2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на первого заместителя акима области.

Аким
Восточно-Казахстанской области



Н. Сактаганов

[Signature]

[Signature]

[Signature]

003482

Приложение
к постановлению Восточно-
Казахстанского областного акимата
от «18» сентября 2025 года № 232

Порядок предоставления безвозмездных государственных грантов на реализацию бизнес-инициатив в размере 750 месячного расчетного показателя в рамках реализации Регионального плана поддержки переселения «Шығыс шақырады»

1. Настоящий порядок определяет организацию и финансирование мер по содействию предпринимательской инициативе на реализацию бизнес-инициатив путем предоставления безвозмездных государственных грантов в размере 750 месячного расчетного показателя в соответствии с пунктом 2 статьи 110 Социального кодекса Республики Казахстан (далее – Кодекс) и в рамках реализации Регионального плана поддержки переселения «Шығыс шақырады», утвержденного постановлением Восточно-Казахстанского областного акимата № 216 от 29 августа 2025 года.

2. В данном разделе используются следующие понятия:

1) стартовый бизнес (стартап-проект) – бизнес-проекты участников, срок государственной регистрации которых в качестве индивидуального предпринимателя составляет на момент обращения менее пяти лет;

2) кандас – этнический казах и (или) члены его семьи казахской национальности, ранее не состоявшие в гражданстве Республики Казахстан, получившие соответствующий статус в порядке, установленном уполномоченным органом по вопросам миграции населения;

3) переселенец – внутренний мигрант, переселившийся в регионы, определенные подпунктом 2) пункта 3 статьи 112 Социального Кодекса;

